Кіріспе. Кәсіпкерлік – нарық заманындағы экономиканың дамуының ажырамас бөлігі. Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кәсіпкерліктің қарқынды дамуына әр уақытта үлкен мән беріп, аса жауаптылықпен қарағаны білеміз. Елбасының барлық бастамалары мен қабылданған шешімдері кәсіпкерлікті қолдауға және бизнес ахуалды жақсартуды негізделген. Қазақ жеріндегі ежелгі кәсіпкерліктің белгілерін зерттей отырып, еліміздің тарихи ерекшеліктері мен ата-бабамыздың салған ізімен экономиканың дамуына үлес қосып, қазақ кәсіпкерлігінің құндылықтарын білу. Кәсіпкерліктің сан қилылығымен мен талаптылығы кез-келген бастапқы кәсіпкер үшін танылмаған дүние. Қазақ елі үшін кәсіпкерлік

ұғымы пайда болмай тұрып, ата-бабамыз кәсіпкерлікті өз бағытында, тиімді түрде пайдалана білді.

Зерттеудің мақсаты. Қазақстан Республикасының дамуының экономика саласында қосқан өзіндік үлесі мен ерекше алатын орнының бір тұсы ретінде еліміздің ежелгі кәсіпкерлігін зерттеу болып табылады.

Зерттеудің міндеті. Қазақ жеріндегі ежелгі кәсіпкерліктің белгілерін тауып, территориясын анықтап, негізгі атқарылған қызметтері арқылы нақы бүгінгі таңда кәсіпкер ұғымына лайықты екенін айқындау.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Жұмыстың зерттеу нәтижесі арқылы Қазақстан Республикасының территориясында кәсіпкерліктің болғаны және жан-жақты бағытта дамып отырғаны белгілі болды.

Алғашқы қауымдық қоғамда іскерлік қатынастар негіздегі бартерлік мәмілелер тауар-тауар формасында болғаны бәрімізге белгілі. Қазақ халқының көшпелі қоныс аударып өмір сүріп, әр өңірдің ауа-райы жағдайына байланысты өз шаруашылық бағыттарын таңдап отырған. Айта кетсек, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Орталық Қазақстан аймағында көшпелі мал шаруашылығымен, Ертіс, Жетісу аймағында бау-бақша, егіншілік шаруашылығымен айналысты. Мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі тұрғындар, бау-бақша өсірген шаруаларды ет, маймен қамтамасыз етіп, әр өңірдің тұрғындары өз климаттық жағдайларына байланысты кәсіп түрлерімен айналыса білді. Осындай тауар – тауар қатынасындағы келісімдердің табиғи іскерлігі аталған қауымдастықтардың ыдырап, құл иеленушілік қоғамның пайда болуына алып келген болатын. Құл иеленушілік және феодалдық қоғамдағы кәсіпкерліктің құрылуының негізі — жаулап алу нәтижесіндегі экономикалық мазмұнға ие болған нысандар. Дегенімен, қазақ еліндегі ежелгі кәсіпкерліктің пайда болуының басты себебі – сауданың пайда болуы және оның өркендеуі. Орта ғасырлық кәсіпкерлер ретінде көпестер, саудагерлер, миссионерлер және қолөнершілерді айтуға болады (1-кесте).

1-кесте - Қазақстандық Орта ғасырдағы кәсіпкерлер

Орта ғасырлық кәсіпкердің атауы	Қызметі	Негізгі территориясы
Көпестер	сауда-саттықпен айналысатын әлеуметтік топ өкілі, тауарды екінші бір мемлекетке апарып сатып немесе сол жердегі халықтың қолөнер бұйымдарына айырбастап отырған	Созақ, Қарашоқы, Түркістан, Сығанақ
Саудагерлер	айырбас сауда жасап, көшпелі және жартылай көшпелі халыққа күнделікті қажетті тауарлар сатып, малға немесе мал өнімдеріне айырбастап жүрген.	Орынбор, Ор, Петропавл, Омбы
Миссионерлер	елдің мемлекеттік құрылымдары, қайырымдылық қорлары, үкіметтік емес ұйымдар, қаржылық топтар материалдық және моральдық тұрғыдан көмектесіп, ортақтаса жұмыс жасады	Орта Азия
Қолөнершілер	табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен көркем композициялық шешімімен тұрмысқа қажетті мүліктер, қару-жарақтар, құрал-саймандар жасады	Орта Азия

Көпестер бәрімізге ежелгі заманнан белгілі. Бірақ біздер оның түп тамыры кәсіпкерлікпен байланысты екенін аңғармадық. Бізге жеткен жазба деректергекелетін болсақ, сол жердің тұрғылықты халықы шығыстан келген сауда керуені саудагерлерін – шығыс көпестері деп атаған. Шығыстың сауда керуені Қазақстанның Созақ, Қарашоқы, Түркістан қалалары арқылы өтіп, сол өңірдің жергілікті мекендеушілерінің алғаш болып айырбасқа кейін сауда – сатыққа бейімделгенін байқауға болады. Ортағасырда өмір сүрген тарихшы әрі әдебиетші Ибн Рузбеханның келтірілген дәлелдері бойынша, Сығанақ пен Иасы қалалары Шығыс көпестерінің Дешті Қыпшақтағы сауда айлағы болған. Осы тұста Шығыс көпестері аң телерінен әсіресе бұлғын мен тиін терілерінен тігілген тондар, шығыстан әкелінген садақтар мен ақ қайыңнан әсемдеп, жасалған жебелер, түрлі жібек маталар, әшекей асыл бұйымдар әкелсе, Қытайдан келген көпестер боялған шыны ыдыстар, фарфорлар

әкелумен танылған. Шығыстың тауарлары Ресейге Орта Азиялық жәрмеңкелер арқылы түсіп отыруы нәтижесінде, біртіндеп отырықшы қазақ саудагерлері пайда бола бастады. Орыс және татар көпестері Қазақстан жеріне 15 ғасырдың 2-жартысы мен 17 ғасырдағы халықаралық саудада Орта Азия яғни Қазақстан даласы, Түркістан қаласы мен Ресей сауда қатынастарының жолға қойыла бастаған кезінен келе бастағанын білеміз. Дала көшпелілері ең алдымен астыққа, ұнға, мақта маталарына, қаланың қолөнер түрлі әшекей бұйымдарына соның ішінде қыш құмыра, қыш ыдыс-аяқтары, сәндік бұйымдарға мұқтаж болса. ал, қала тұрғындары көрші мемлекеттердің бағалы аң терілерін, алтын, күміс бұйымдарын, түрлі ыдыстарды, маталарды қажет етіп отырды. Осындай сұраныс пен қажеттіліктердің арқасында сауданың қызу дамуы басталды. Орыс және татар көпестері Қазақстан мен Орта Азияға шұға, атлас, айналар, қобдишалар, күміс ыдыстар, мельхиор бұйымдар әкеліп отырса, ал жергілікті халықтың ерекше стильде жасалған қолөнер бұйымдарын, яғни ағаш және тері ыдыстар, арқан, алаша қоржын, сияқты заттарды, Орта Азия жәрмеңкелерінен жібек шикізатын, табиғи асыл тастарды, пышақ, қылыш сияқты шығыс қаруларын сатып әкетіп отырды. Ресей көпестері Үрбіт, Қамар, Әулиеата, Қоянды, Қарқара жәрмеңкелеріне жер-жерден келген шығыстық көпестерден шығыс бұйымдарын алса, ал Тарбағатай провинциясындағы Шәуешек базарынан Үрімжі, Пекин саудагерлерінің түрлі бұйымдарын сатып алып отырды. Көпестер жүн, тері сияқты шикізат өнімдерін жергілікті халықтан, жәрмеңке базарлардағы саудагерлерден сатып алатын болған. 19 ғасырда Орта жүз, Кіші жүз көшпелі тайпалары арасынан тері, жүн, тоқыма, қолөнер бұйымдарын сатумен айналысқан Орынбор, Хиуа, Бұхара, Ташкентке аттанған сауда керуендері болған. Қазақтарда сауда-саттықпен, алып-сатарлықпен, айырбас ісімен, негізінен, ер азаматтар айналысқан. Қызылқұм жерінің көшпелілерінің тобықты руынан Амандық қарт Орынбор мен Бұқара жолындағы сауда керуенін басшылыққа алуымен аты шыққан. Жергілікті халық алыпсатарлықпен айналысатын қазақтарды «саудагер» деп атаса да, көршілес мемлекеттегі халықтар оларды «Қазақ көпестері» деп атап кеткен.

Діни ұйымдардың тәлімдерін таратуға арналған діни және саяси қызмет болды. Оларды миссионерлер деп атады. Миссионерлік ұйымдардың шоқындыру саясаты Африка және Азия халықтары арасында өз даму қарқынын алып, мақсатты түрде жүргізіліп отырған. Миссионерлік ұйымдарға бірқатар елдердің мемлекеттік құрылымдары, қайырымдылық қорлары, үкіметтік емес ұйымдар, қаржылық бірлестік топтар материалдық және моральдық тұрғыдан көмек беріп, ортақтаса жұмыс жасады. Миссионерлер тоқтамастан ел аралап, баратын елді мекенінің халқының дінін, тарихын, әдет-ғұрпын, тілі мен психологиясын алдын-ала зерттеп біліп отырды. Көптеген миссионерлер табыс табу мақсатында жергілікті халықтың тілін, әдет-ғұрпын, мінез-құлықтарын өз қызметтерін табысты атқару үшін толықтай зерттеп, үйреніп отырған.

Осылайша, Қазақ елінің ежелгі кәсіпкерлігі мен коммерция жағдайына келсек, бұл салалар тарихи ерте заманда пайда болғанын Ежелгі түрік дәуірінде Жетісу қаласы тек аялдау орны ғана емес, сонымен қатар, сауда және қолөнер орталықтары болғаны белгілі болды.

XIII ғасыр мен XV ғасырдың алғашқы ширегінде Оңтүстік Қазақстан аумағы арқылы сауда қызметінің өркендеуінде ерекше рөл атқарған Батыс-Шығыс халықаралық сауда жолы өткен. Бұл сауда жолы территориясы жағынан өте үлкен, ұзақ уақыт бойы сақталған, бірнеше бағыттағы сауда жолы болды. Қазақ жерінің аумағындағы Ұлы Жібек жолының негізгі аймағы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жері. Жетісу өңірі-Ұлы Жібек жолының Шығысқа шығатын бастамасы болса, ал Оңтүстік Қазақстан аймағы – Батысқа шығатын қақпаларының бірі болған. Шығыс пен Батысты ұштастырған бұл сауда жолында Қазақстан мемлекеттерді өзара байланыстырушы буынға айналып, саудагерлі кәсіптерін айрықша дамыта түсті. Бүкіл Еуразияға осы бағыттағы жолмен білім мен технологиялар, мәдениет пен дін, тауар мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат тарап, қазақ жеріне келген жаңашылдыққа жергілікті тұрғындар үйреніп отырды. Басты тауар айналымы жібек, араб арғымақтары, нефрит және асыл тастар мен фарфор болды. Сауда өркендеген сайын өнім өндіру тәсілдері артып, елдер арасында сұранысқа ие өтімді тауарлар: шарап, жоңышқа, кептірілген жеміс, кілем, тұрмыстық бұйымдар келе бастады. Қазақ хандығының пайда болуымен нығаюы кезінде Ұлы Жібек жолының Ұлы даламен өтетін тармағындағы сауда ерекше жандана түсіп, қазақ жерінде кәсіпкерліктің дамуына арқау болғанын байқадық.

Ұлы Жібек жолының қазақстандық бағытындағы саудагерліктің дамуы ақша жүйесінің пайда болып, біртіндеп қалыптасуына әкелді. Сауда дамыған жол бойында әр елдердің теңгелерін айырбастау орындары болды. Ол кейіннен ақша тауар қатынасының дамуына үлес қосып, теңге сарайларының қалыптасуына әкелді. Отырар, Испиджаб, Тараз, Жент, Қойлық қалаларында теңге сарайлары жұмыс болды. Теңгелер (пұл), мыс пен күміс ақшалар, дирхем, алтын динар соғылды.

Жошы ұлысы тұсында теңгелер Сарайшық, Сығанақ және тағы басқа қалаларда шығарылды. Қолөнершілер күнделікті тұрмыста шаруашылыққа қажетті құрал-саймандар, сәндік бұйымдар жасаумен айналысты. Сонымен Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батыс елдері арасындағы экономикалық, мәдени, дипломатиялық байланыстарды дамытуда маңызды рөл атқарған.

Б.з.б. II ғасырда Қытай жерінен бастау алған Ұлы Жібек жолының Қазақ халқының алғашқы сауда қатынасының дамуында үлесінің молы сөзсіз.

XVIII ғасырда қазақтар Орта Азия, Ресей, Қытай, Иран патшалықтарымен — мал, жылқы, тері, жүн және аң аулау бұйымдарымен сауда жасап, Қазақ жерлері арқылы Орта Азиядан Ресейге керуендер жөнелтілген. Орынбор, Тобыл, Семей территориясы арқылы сауда жүргізіліп, өте тиімді сауда аймақтарына айналды.

Сонымен XVIII ғасырдағы қазақтармен еркін сауда-саттық негізінен шекара шебіне таяу бекіністерде жүргізіліп келген сауда, қазақ елінің ежелгі кәсіпкерлігінің болғанының тағы бір кепілі.

XIX ғасырда Сауда орталықтары бірте-бірте Қазақстанның ішкі аудандарына қарай орнығып, олар округ орталықтарына, қоныс аударушы шаруалардың елді мекендеріне және жаңа қалаларға қарай жақындай түскені белгілі. Сауда-саттықтың басты орталықтары Орынбор, Троицк, Петропавл, Преснегорьков, Омбы, Семей және Орал бекініс қамалдары болып келген болса, ал XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап, округтық приказдар да сауда орталықтарына айнала бастағаны қазақ елінің сауда қатынасын жақсартуға ықпалын тигізді. Қазақстанның солтүстік-шығыс жағындағы Сібір әкімшілігіне қарайтын қазақтардың өздерінен ғана орыс көпестері жыл сайын 3 миллионға дейін қой, 150 мыңға дейін жылқы және 100 мыңға дейін мүйізді ірі қара сатып алып отырған. Ресейдің қазақтармен сауда-саттығы негізінен татар көпестері мен приказчиктерінің көмегімен жүргізілді. Ресей көпестері қазақтардан мал және мал өнімдерін сатып алып, ал дала тұрғындары ресейлік көпестерден шұға мен бөз маталар, тоқыма кенептер, өңделген былғары, темірден жасалған бұйымдар, шай, қант, темекі және ағаштан жасалған ыдыс-аяқ сияқты тауарлар сатып алатын.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы неғұрлым ірі сауда орталықтары Ақмола, Павлодар, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау, Қазалы және Жаркент қалалары болды. Сауда-саттық айырбас және ақшамен балама түрінде де жүргізілді. Жүк бұрынғысынша арбамен және түйемен тасылды. Сол кезден-ақ Қазақ даласындағы сауда-саттыққа деген ынта-жігерді қолдау үшін түйе басына ешқандай салық салынған жоқ. Қазақ саудагерлерінің едәуір бөлігінің сауда айналымынан табатын табысы мардымды бола қоймады. 1897 жылы, Ресейде өткізілген Жалпыға бірдей халық санағының деректері бойынша, Қазақстан аумағында сауда-саттықпен айналысатын адамдардың саны 40 мыңға жуық болса, соның ішінде қазақтардың саны небары 4,6 мың немесе 11 пайыздан сәл-ақ алатыны белгілі болған. Дегенімен осы тұста қазақ саудагерлері мен кәсіпкерлері үшін жаңа бағытты бағындырған кезең болды. Оған XIX ғасырдың екінші жартысында натуралды шаруашылықтың бөлінуі Қазақстанның Ресей, Орта Азия, Қытаймен сауда қатынастарының жалғасуымен дами түсуі дәлел. Мал және мал өнімдеріне капиталистік фабрикалардың өнімдері шыт, шұға, мауыт, жібек, иленген тері, металл бұйымдары көптеп айырбасталып отырды. Солтүстік, солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс аймақтарынан Ресейге қарай астық және үн тасымалданды. Қазақстандағы тауар өндірісі жер шаруашылығы, үн өндірісінің пайда болуымен ұласты. Қазақ даласының көпестері Нижний Новгород, Ирбиттегі атакты жәрмеңкелерге қатысты. Қазақстан ішінде — Тайыншықұл (Петропавл маңы), Константиновка (Ақмолада), Атбасардағы Петровка, Қарқаралы уезіндегі Ботов немесе Қоянды жәрмеңкелері айта кетерліктей маңызға ие болды. Семейдегі Шар, Жетісудағы Қарқара, Сырдариядағы Әулие Ата, Оралдағы — Ойыл, Темір сияқты жәрмеңкелері аса үлкен тауар айналысы болғанын атап айту қажет. Сауданың әр түрлі формалары даланың ең шетте қалған өңірлерінде қазақтың натуралды шаруашылығы, өсімді

капитал, ал қалаларда несиенің капиталистік формалары — банктер кең жайыла түсті. Мал және мал өнімдерін алып-сатумен айналысушылар «алып-сатарлар» деген атаққа ие болды. Тау-кен, алтын, тас-көмір өнеркәсіптері де дами бастады. Мұндай байлық көздерінің иелері орыс кәсіпкерлері — Попов, Рязанов, Кузнецов, Ушаков, Подсосов, Петров отбасыларын айтуға болады.

Осы кезеңдегі қазақ даласындағы сауда-тауар-ақша қатынастарының дамуы көшпелі-айырбасты, жәрмеңкелік және стационарлық болды. Сауда орталықтары - Семей, Ақмола, Атбасар, Орал, Гурьевте орналасты. Қазақтар мал және мал өнімдерін Ресей тауарларына, атап айтсақ мақта-мата, шыт, жүн маталарына, қант, шойын, иленген тері, темекі, жалпақ мыс, мылтық, нашатыр, сынап және тағы басқа бұйымдарға айырбастады.

XIX ғасырдағы Қазақ жерінде кәсіпкерліктің болғанының тағы бір дәлелі. Оған біріншіден, түз табумен және тау-кен ісі дами бастауы екіншіден, мыс, қалайы, күміс, тас көмір қазудың басталуы, үшіншіден балқыту және тері илеу зауыттарының ашылуы болды. Осы кезеңде қазақ шаруалары малдың тауарлық маңызы барынша өсіруге тырысып, кәсіпкерліктің тағы бір қырын меңгере бастады. Қазақстанның экономикалық өміріне сауда және коммерциялық қызметі үшін — Транссібір магистралі мен Орынбор -Ташкент темір жолдары елеулі қызмет атқарды. Осы және бірнеше осындай жергілікті темір жол нүктелері тек Қазақстан ішінде ғана емес, сонымен қатар шетке шығатын саудада маңызды орын алды. XIX ғасырдағы кәсіпкерлер династиясының өкілі ретінде Мусин отбасын атап өтуге болады. Бұл династияны орыс банкирлері мен өнеркәсіпшілері де өте жақсы таныған. Мұндай сый-сияпатқа ие болған Мусин отбасы өте мол көлемді капиталдың қожасына айналып, қымбат жүн, теріден жасалған бұйымдармен сауда жасаған. Риддер, Шығыс Қазақстандағы Змеиногорск алтын рудниктерінде тең құқықты акционер болды. Кейін тері илеу цехын ашып, Зайсан, Аягөз, Өскемендегі дүкендер ашып, ол жердегі тауардың алуандылығы мен көптігі таңқалдырғаны сөзсіз. Мусиндер жергілікті өнеркәсіпті алғашқы дамытушылардың бірі болған. Семейдегі алғашқы механикалық диірмен салып, қажетті құралдарды Германиядан арнайы тапсырыс арқылы алып отырған. Сонымен қатар Мусиндер Ертіс өзен флотының бастауында да тұрған. Ертістің барлық ағысы Зайсан өзенінен Ембіге дейін солардың қарамағында болған. Солтүстікке үн жіберіп, қайтарында ағаш-құрылыс материалдарын алып қайтқан. Омбы, Павлодар, Семей, Өскемендегі алғашқы -капитан, жүргізуші, машинистер курстарын да алғаш ашқан. Алғаш болып Ертістегі адамдарды тасымалдаушылар ретінде танылған. Осылайша XIX ғасырдың аяғында-ақ қазақ елінің топ жарған кәсіпкерлері болғаны қуантарлық жағдай.

XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің өркендеуіне ресейлік және шетелдік капиталдың келуі де үлкен пайдасын тигізіп, банк капиталының пайда болуына әсер етті. Сауданың стационарлық және жәрмеңкелік түрлері өте жақсы дамып, реттеліп отырды. Жәрмеңкелік сауда бүкіл ресейлік сипат ала бастап, осы кезеңнен бастап шет ел капиталының әсері өте маңызды болды. Қазақ жерінде болған Ақпан және Қазан төңкерістерінің әсерінен сауда қатынасының дамуы төмендеп, рыноктық экономикалық байланыстардың әлсіреп, біртіндеп жойылуына әкеліп соқты.

Қорытынды. Сонымен ежелгі қазақ елінде кәсіпкерліктің болғандығы және ол сол кезеңге ғана тән ерекшеліктерімен көрініс тапқаны белгілі. Әрине қазақ жеріндегі кәсіпкерліктің бастауы болған ауыл шаруашылық өніммен және табиғи материалдардан жасалған тұрмыстық заттар болды. Қазіргі таңда еліміздің өркендеп, жаңа бағыттағы салаларды меңгеріп, бәсекеге қабілетті, төтеп бере алатындай кәсіпкерлердің болуы қуанышты жағдай. Кәсіпкер – ол қай уақытта да пайда табу мақсатында өз қызметін немесе тауарын ұсына білген тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Karl Marks. Kapital. - <https://esperanto.mv.ru/Marksismo/Kapital2/kapital2-01.html>.
2. Ваипаков К.М. Srednevekovye goroda Kazahstana na Velikom şelkovom puti, Alma-Ata,1998.- <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal/%D0%91%D0%B0%D0%B9%D0%BF%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D0%B2%20%D0%9A.%D0%9C.894.pdf>
3. Ahinjanov SM., Makarova L.A., Nurumov T.N. K istorii skotovodstva i ohoty v Kazahstane. - Alma-Ata, 1992. – 218 s.

4. Ekonomicheskoe razvitie Kazahstana vo vtoroi polovine XIX veka – onlain-trenajer dlya podgotovki k ENT, itogovoi attestasii i VOUD. – [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: <https://www.itest.kz/ru/ent/istoriya-kazahstana/8-klass>

5. Kupy goroda Semei _ Vostochno-Kazahstanskaya oblastnaya universalnaya biblioteka imeni Abaya. – [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: https://semeylib.kz/?page_id=577&lang=ru

6. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда капитализмнің дамуы. – [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: https://kk.wikipedia.org/wiki/XIX_ғасырдың_екінші_жартысында_Қазақстанда_капитализмнің_дамуы

7. Қазақ өлкесінде жәрменкелік сауда XIX ғасырда дамыды. - [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: <https://e-history.kz/kz/news/show/357/>.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена изучению наличия признаков предпринимательства на казахстанской земле с древних времен и приведению конкретных примеров, доказывающих, что главная цель предпринимательства - получение прибыли в любое время. В настоящее время известно место предпринимательства в экономике. Поэтому важно проследить историю становления малого и среднего бизнеса, определив его истоки на казахской земле. Первый признак предпринимательства берет начало со II в. до н. э. и развивается через своеобразные барьеры, связанные с каждым его периодом стагнации. В связи с географическим положением казахских земель сложились всесторонние торговые отношения, и представители разных национальностей, прибывшие в казахскую территорию, внесли свои новшества. Древние торговцы и купцы, ремесленники и кузнецы были современными бизнесменами. Все это историческая ценность. Оценивая такие ценности, можно сказать, что древнее предпринимательство в Казахстане - это историческое наследие для нас и наших будущих поколений.

ӘОЖ 339.13.017

DOI 10.52578/2305-9397-2021-2-1-149-154

Ержанова Ж.К., экономика ғылымдарының кандидаты, негізгі автор, ORCID ID 0000-0001-6795-1263

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, ganar_000@mail.ru

Ессұлтан Д.Қ., магистрант, ORCID ID 0000-0001-6795-1263

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, dinara-124@mail.ru

Erjanova J.K. Candidate of Economical Sciences, the main author

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Essultan D.Q., Postgraduate

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ CURRENT STATUS AND TRENDS OF REAL ESTATE MARKET DEVELOPMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының тұрғын үй нарығының қазіргі жағдайы мен даму тенденциясы көрсетілген. Қазақстандағы тұрғын үйдің орташа бағалары және оған деген сұраныс көлемі жөнінде мәлімет берілген. Жекелеген аймақтар бойынша тұрғын үй санының жетіспеушілігі және оны шешу мақсатында салынып жатқан жаңа құрылыс объектілері көрсетілген. Сонымен қатар мақалада облыстар бойынша тұрғын үйді сату мәмілелерінің динамикасы мен тұрғын үй саласына салынып жатқан инвестициялар көлемі, оларды тиімді ұйымдастыру мүмкіндіктері келтірілген. Осыған байланысты жан-жақты зерттеу және талдау

жұмыстары жүргізіліп еліміздегі тұрғын үй нарығының қазіргі жағдайы туралы статистикалық мәліметтер көрсетілген. Зерттеу тақырыбының өзектілігі тұрғын үй мәселесі оны шешу тұрғысынан өте күрделі, өткір және қымбат екендігімен негізделген. Қазақстандықтардың тұрғын метрлермен қамтамасыз етілуінің төмендігі, халықтың көп бөлігінің жеке тұрғын үйінің жоқтығы— бұл біздің қоғам шешетін негізгі міндеттердің бірі.

ANNOTATION

This article reflects the current state and trends in the development of the housing market of the Republic of Kazakhstan. The article provides information on average housing prices in Kazakhstan and the volume of demand for it. In some regions, there is a shortage of housing and new construction projects under construction in order to solve it. The article also presents the dynamics of housing purchase and sale transactions by region and the volume of investments under construction in the housing industry, the possibilities of their effective organization. In this regard, comprehensive research and analysis are conducted, and statistical data on the current state of the housing market in the country are presented. The relevance of the research topic is justified by the fact that the housing issue from the point of view of its solution is quite complex, acute and expensive. The low availability of housing meters for Kazakhstanis, the lack of individual housing for the majority of the population- this is one of the main tasks solved by our society.


Түйін сөздер: тұрғын үй нарығы, бағалар динамикасы, құрылыс, талдау, орташа көрсеткіш, шаршы метр.

Key words: real estate market, price trends, construction, survey, average, square metre.

Тұрғын үй нарығы қысқа мерзімде қалыптаса қалатын механизм емес, ұзақ мерзімде қалыпты түрде жүзеге асатын механизм болып табылады. Қазақстандық тұрғын үй нарығының қалыптасуын талдау осы үрдістің негізгі төрт кезеңін анықтауға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй нарығы әрқашан сыртқы факторларға байланысты: саяси, әлеуметтік-мәдени, географиялық, демографиялық және ғылыми-техникалық. Бірақ анықтайтын факторлардың бірі - макроэкономикалық аспектілер: инфляция деңгейі, ЖІӨ, мұнай бағалары. Тұрғын үй нарығындағы негізі макроэкономикалық көрсеткіштері: жаңадан енгізілген тұрғын үйдің бағалары мен оның динамикасы, екінші реттік нарықтағы абаттандырылған немесе тұрмысқа жайлы үйлерді қайта сату бағалары мен олардың өзгерісі, абаттандырылған/ тұрмысқа жайлы тұрғын үйлерді жалдау бағалары, тұрғын үйлерді сатып алу – сату мәмілелерінің саны секілді көрсеткіштерді басшылыққа ала отырып талдау жасалынады.

2019 жылы жаңа тұрғын үйлерді сату бағасы өткен кезендермен салыстырғанда жоғарылағаны байқалады (1-сурет). 2018 жылы 1 шаршы метріне 253,2 мың теңге болса, 2019 жылғы көрсеткіш 266,9 мыңды құрап, 13,7 мың теңгеге ұлғайды.




Ескерту - [1] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

1-сурет - Жаңа тұрғын үйлерді сату бағалары, мың теңге / шаршы м.


2019 жылы тұрғын үй нарығындағы бағаның өзгеруі шамалы болды. 2019 жылы елдегі орташа есеппен 1 ш.м. көлемді жаңа тұрғын үй бағасы 266,9 мың теңгені құрады (2018 жылмен салыстырғанда 5,4% -ға жоғарырақ), абаттандырылған/тұрмысқа жайлы тұрғын үйлерді қайта сату - 186 мың (2018 жылға қарағанда 0,2% жоғары) құрап отыр. Сондай-ақ, 2019 жылы жалға берілетін мүліктің бағасы да арта түседі. 2019 жылы жайлы тұрғын үйдің орташа жалдау бағасы 1 шаршы метрге 1384 теңгені құрады. (2018 жылмен салыстырғанда - 4,1% жоғары). Республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында да жаңа тұрғын үйлерді сату

бағасы едәуір өскендігі көрініп тұр. 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында 338,5 мың теңгені құрап, алдыңғы жылдармен салыстырғанда біртіндеп өсіп келе жатқандығы көрінгенімен 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 14,1 мың теңгеге төмендеп 2 жылдық дағдарыста мұнай бағасының төмендеуінің әсерінен 340,7 мың теңгені құрады. Ал Алматы қаласы бойынша соңғы бес жылдық көрсеткіштер қатты өзгерісті байқатпайды. Бірақта соңғы жылдары 2017 жыл – 304,5 мың, 2018 жылы – 321,3 мың, 2019 жылы 327,4 мың теңгені көрсетіп отыр.



Сонымен қатар, жаңа тұрғын үйлерді сату бағаларының өзгерісі немесе динамикасына келетін болсақ, жалпы Қазақстан бойынша 2016 жылғы көрсеткіш 16%-ға дейін оң жақты өзгеріс болғаны байқалса, 2017 жылы мұнай бағасының күрт төмендеуіне байланысты 4%-ға төмендегені көрініп отыр. 2018 жылда бұл көрсеткіш қайтадан 1%-ға дейін өсімін көрсетіп, 2019 жылда одан әрі 3%-ға өскендігі байқалды. Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласы бойынша да мәліметтер келтірілген (2-сурет). Алматыда 2016 жылға көрсеткіштен кейін 2017 жылы - 1%, 2018 жылы - 4%-ға төмендеп 2019 жылы ғана тұрғын үй бағасының өсімі байқалады. Нұр-Сұлтан қаласында да 2016 жылғы 13% пайыздық өзгеріс көрсеткіші 2017 жылы 1%-ға дейін төмендесе 2018 жылы қайтадан 5%-ға көтеріліп, 2019 жылы осы көрсеткішті сақтап тұрғаны көрінеді [2].

Екінші реттік нарықтағы орташа баға шамалы өзгерді. 2019 жылы қайталама нарықтағы орташа бағасы 1 шаршы метрге 186 мың теңгені құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 0,1 пайызға жоғары. 2018 жылға қарағанда Нұр-Сұлтан (+ 7,49%), Қызылорда (+ 6,88%), Қостанай (+ 3,71%), Шымкент (+ 3,15%), Көкшетау (+ 2,86%) қалаларында екінші реттік тұрғын үй жақсы жоспарланған. Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау және Ақтау 1 шаршы метрге қалаларында сәйкесінше 345,8 мың теңге, 344,3 мың теңге 263,2 мың теңге және 249,3 мың теңге Қазақстанның басқа ірі қалаларында бұл көрсеткіш орташа республикалық деңгейден төмен (3-сурет)



Ескерту - [1] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

3-сурет - Абаттандырылған/тұрмысқа жайлы (екінші реттік) тұрғын үйлерді қайта сату бағалары, мың теңге / шаршы м.

1 ш.м. үшін ең жоғарғы баға жылжымайтын мүлік нарығында Нұр-Сұлтан (345,8 мың теңге), Алматы (344,3 мың теңге), Атырау (263,2 мың теңге) және Ақтау (249,3 мың теңге) 2018 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Нұр-Сұлтан қаласында (+ 7,5%), Қызылорда (6,8%), Қостанай (+ 3,7%) деңгейінде.

2019 жылғы желтоқсанда абаттандырылған немесе тұрмысқа жайлы тұрғын үйдің орташа жалдау бағасы 1 ш.м. үшін 1384 теңгені құрады және 2018 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 6% -ға өсті (4-сурет). Жалдаудың ең жоғары бағасы Нұр-Сұлтан қаласында (1 ш.м. үшін 2,689 теңге), Алматыға (1 шаршы метрге 2265 теңге), Ақтауға (1 шаршы метрге 2 047 теңге), Атырау (1 ш.м. үшін 1 706 теңге), Қарағанды қаласы (1 ш.м. үшін 1 586 теңге), Түркістан қаласы (1 501 мың теңге). Басқа ірі қалаларда бұл көрсеткіш орташа республикалық деңгейден төмен.

Елде тұратын бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілу көрсеткіші соңғы 10 жылда 30 %-ға артып, қазір 21,6 шаршы метрді құрайды. Бұл көрсеткіш 2015 жылы 20,9 шаршы метрді көрсетсе, 2016 жылы 21 шаршы метрге жетті (5-сурет). Ал 2017 жылы 2016 жылдың көрсеткішін сақтап тұрды. Өйткені тұрғын үй құрылысының салыну қарқындылығы халық санынан артта қалып келе жатқандығын көрсетеді. 2018 жылы 10,5 млн шаршы метр жаңа тұрғын үйлердің енгізілді, бұл 2017 жылға қарағанда 17,5% артық. Олардың ішінде мемлекет 105,6 млрд. теңгеге 1 миллион шаршы метрді енгізді. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа 829,6 млрд. теңге инвестиция салынды. Қазақстанда тұрғын үй құрылысы тұрақты дамып келеді. Бірақ БҰҰ-ның әлеуметтік стандарттарына сәйкес, ел тұрғындарының әрқайсысына кемінде 30 шаршы метр тұрғын үй салынуы керек, ал Қазақстанда жыл басынан бері бұл көрсеткіш 21,6 шаршы метрді құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 0,2 пайызға артық, өсу қарқыны өте төмен. Осы көрсеткіш бойынша Қазақстан Ресейден (23,4 шаршы метр) және ҚХР (32 шаршы метр) артта қалып отыр. Шетелдік елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тұрғын үймен жабдықтауды түбегейлі жақсарту үшін ақылға сыйымды мерзімде - бір ұрпақтың өмірлік цикліне - құрылыс қызметі жылына бір шаршы метрге дейін болуы тиіс [3].



Ескерту - [5] дереккөзі негізінде автормен құрастырылды
4-сурет - Елде тұратын бір адамға шаққандағы ТҮ-мен қамтамасыз етілу

2019 жылдағы тұрғын үй нарығында сұраныстың өсуіне әкелген негізгі себептері біріншіден, халықтың төлемқабілеттілігі мен өмір сүру деңгейі 10%-ға өсіп, 2019 жылдың 10 айында жеке тұрғын үйдің 219 мың нысаны сатылды, 2018 жылы сол кезеңде тұрғын үйді сатуға 200 мың келісімшарт тіркелген. Екіншіден жоғары демографиялық өсу және белсенді урбанизация, яғни, 2018 жылдың екінші тоқсанынан бастап 2019 жылдың екінші тоқсанына дейін Қазақстан халқының саны 238 мың адамға артты. Қала тұрғындары 190 мыңға артты. Қазақстандықтар тұрғын үй проблемаларын ипотека арқылы шешуге көбірек ұшырады, сондықтан бастапқы тұрғын үй нарығында бір шаршы метрге деген сұраныс 254-тен 265 мыңға дейін өсті. Екінші нарықта бір шаршы метрдің бағасы 1,8% -ға, 188-ден 185 мың теңгеге дейін төмендеді.

2019 жылдың ішінде тұрғын үйге сұраныстың жалпы артуы байқалды. ҚР-ның Статистика жөніндегі комитетінің мәліметі бойынша (5 сурет), 2019 жылдың қараша айында республикада тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны 23460-ға жетті, ал 2019 жылдың қаңтар-қараша айларында тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10% -ға артты. Қанағаттандырылған сұраныстың ең көп өсуін Қарағанды облысы көрсетті. Ең аз Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстары болды, мұнда мәмілелер саны керісінше төмендеді.



Ескерту - [1] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған
5-сурет - Облыс бойынша тұрғын үйді сату мәмілелерінің динамикасы

Тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің максималды көлемі Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында дәстүрлі түрде атап өтіледі. Қарағанды облысында тіркелген транзакциялардан бір жарым есе аз.

Қалалар бойынша жылжымайтын мүлік бағасы индексіне талдау жасайтын болсақ (1-кесте), Алматы қаласы 2019 жылмен салыстырғанда 16 225 тг өсіп 363 250 тг болып отыр. Содан кейін Нұр-Сұлтан, Ақтау, Шымкент қалалары орналасқан. Жылдымайтын мүлік бағасы арзан қалалар: Ақтөбе, Қостанай, Семей, Көкшетау болып табылады.

Алайда, жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділіктің төмендеуі, негізінен, урбанизация мен агломерация үрдістерінің өсуіне байланысты жеке үйлерге деген қызығушылықтың төмендеуіне байланысты болды. Жаңа көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтерлері Қазақстан Республикасында орта есеппен 5,6% болып 263,1 мың теңге/шаршы метрге дейін өсті [4].

Екінші орынды жайлы тұрғын үй бағасы біршама арзандады - 1,3%, бір шаршы метрге 185,8 теңге. Екінші нарықтағы қолайсыз тұрғын үй бағасы жайлы ғана емес, жылына 0,2%, бір шаршы метрге 115 мың теңгеге дейін арзандады.

1-кесте - Қалалар бойынша жылжымайтын мүлік бағасы индексінің динамикасы, тг/шаршы метр

	2019	2020	Өзгеріс, %
Алматы	347 025	363 250	+4,7
Нұр-Сұлтан	319 425	331 825	+3,9
Ақтау	220 775	206 725	-6,4
Шымкент	193 525	212 075	+9,6
Қарағанды	200 100	201 500	+0,7
Орал	172 950	183 825	+6,3
Өскемен	164 875	178 125	+8,0
Петропавл	182 250	194 550	+6,7
Павлодар	160 225	172 375	+7,6
Тараз	152 675	152 825	+0,1
Ақтөбе	156 250	146 650	-6,1
Қостанай	184 375	193 375	+4,9
Семей	159 100	168 275	+5,8
Көкшетау	181 925	190 975	+5,0
Қазақстан	199 677	206 882	+3,61

Ескерту - [4] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.

Екінші нарықтағы элиталық тұрғын үй бағасы жылына 2,6% -ға, бір шаршы метрге 211,1 мың теңгеге дейін өсті. Әрине, аймақтардағы ахуал жалпы баға деңгейіне әсер етті. 2020 жылы тарихи оқиға орын алды: Ақтау ең қымбат тұрғын үймен қамтамасыз етілетін үш қаланың ішінен түсіп, Шымкенттің бұл желені сенімді түрде қабылдады. 2020 жылғы желтоқсандағы ең үздік 5 қаланың бағасы келесідей көрінеді:

1. Алматы (363 250 тг / шаршы м).
2. Нұр-Сұлтан (331 825 тг / шаршы м).
3. Шымкент (212 075 тг / шаршы м).
4. Ақтау (206 725 тг / шаршы м).
5. Қарағанды (201 500 тг / шаршы м).

Ақтөбе қаласында (146 650 тг / шаршы метр) Қазақстан Республикасындағы ең төменгі тұрғын үй құны анықталды. Одан соң Өскемен (178 125 тг / шаршы м), Павлодар (172 375 тг / шаршы м), Семей (168 275 тг / шаршы м) және Тараз (152 825 тг / шаршы метр). Мәселен, орташа бір бөлмелі пәтер 40 шаршы метр. Нұр-Сұлтан немесе Алматы қалаларында шамамен 13-14,5 млн. теңгені құрайды. Шымкентте - 8,5 млн, Ақтау мен Қарағандыда - 8,3 және 8 млн, басқа қалаларда - орташа 7 млн.

Сарапшылардың пікірінше, 2020 жылы тұрғын үй нарығындағы жағдай тұрақты деп санауға болады. Оның үстіне, өзгерістер тіпті үш жыл ауқымында (2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда Қазақстан үшін -1,1%) ең аз. Кейбір қалаларда, атап айтқанда, баға 2019 деңгейіне оралды немесе бұған жақындады (Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Шымкент және т.б.) [5].

Қорытынды. Қазақстан Республикасындағы дамыған тұрғын үйдің нарық ерекшеліктері қолжетімді баспананың тиімді нарығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін процесстердің бар екендігін анықтайды: тұрғын үйлерді іске қосуының жылдамдықтарының тұрақтылық динамикасы, бұл процесс құрылыстың кешендік тұрақтылығын және инвестициялық ағындардың көлемін арттырады; ұтымды құралдарды қолдану арқылы табыстары аз азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру барысында өңірлік тұрғын үй саясатын белсенді жүзеге асыру қарастырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТИЗИМІ

1. QP ŪEM Statistika komitetiniñ resmi saity. - [Elektronдық resurs]. - Qol jetkizu siltemesi: <http://www.stat.gov.kz/>
2. Іпашева С. А. Формирование рынка жилья (на примере г. Шымкента). - Шымкент, 2015. – 156 с.
3. Janabepgenova L. Analiz osnovnyx pokazatelei pazvitiya jilinoǵo fonda Respublyki Kazaxstan // Kazaxstan: yctoichivyi poct ekonomiki i pazvitie cosialnoi cfepy: sb.analit.mat. – Алматы, 2016. – 656 с.
4. Понятие и классификация жилой недвижимости. - [Elektronдық resurs]. - Qol jetkizu siltemesi: https://studwood.ru/694547/ekonomika/ponyatie_klassifikatsiya_zhiloj_nedvizhimost
5. Gopemykin V.A. Ekonomika nedvijimosti. – М.: Издательско-книготорговый центр «Маркетинг», 2018. – 926 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье отражены современное состояние и тенденции развития рынка жилья Республики Казахстан. Приведены сведения о средних ценах на жилье в Казахстане и объемах спроса на него. По отдельным регионам обозначен дефицит количества жилья и строящиеся объекты нового строительства с целью его решения. Также в статье представлена динамика сделок купли-продажи жилья по областям и объем строящихся инвестиций в жилищную отрасль, возможности их эффективной организации. В связи с этим проводятся всесторонние исследования и анализ, представлены статистические данные о современном состоянии рынка жилья в стране. Актуальность темы исследования обоснована тем, что жилищный вопрос с точки зрения его решения достаточно сложный, острый и дорогостоящий. Низкая обеспеченность казахстанцев жильем метрами, отсутствие индивидуального жилья у большей части населения-это одна из основных задач, решаемых нашим обществом.

Ерланова А.С., магистрант, негізгі автор, ORCID ID 0000-0001-6001-0073

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, zhangirhanmuzei@mail.ru

Ержанова Ж.К., экономика ғылымдарының кандидаты, ORCID ID 0000-0001-6795-1263

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, ganar_000@mail.ru

Erlanova A.S., Postgraduate, the main author

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Erjanova J.K., Candidate of Economical Sciences

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН
ҚАМТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ISSUES OF ORGANIZATION OF
HOUSING FOR YOUNG PEOPLE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Аннотация

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші еліміздің болашағына, ертеңгі күніне нық сеніммен қарау үшін бүгінгі күнге назар аудару шарт. Әр мемлекеттің болашағы – жастар екені белгілі. Жастарымызды қай бағытқа бағыттасақ, болашағымыз да дәл сондай болатыны сөзсіз.

Бұл мақала Қазақстан Республикасында мемлекеттің жастарға көңіл бөліп, жастар саясатының жүргізілуіне, қазіргі қоғамдағы жастар саясатындағы ең өзекті мәселелерге, сондай-ақ жастарды жұмыспен қамту мен тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелеріне арналған. Мемлекет тарапынан бұл мәселелерді шешуде көптеген бағдарламалар қабылданып, жүзеге асуда.

Мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік «Дипломмен ауылға» бағдарламасының жас мамандар үшін тиімділігі, бағдарламамен қамтылған жас мамандардың сандық көрсеткіші, сондай-ақ «Дипломмен ауылға» бағдарламасына бөлінген қаражаты мөлшері анық көрсетілген.

Қазіргі қоғамдағы жастар саясатындағы негізгі мәселелерді шешу жолында бағдарламалар көбейсе, бұл жастарды жұмыспен қамту мен тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін шешуде ең керемет жолы болар еді.

ANNOTATION

«If you want to be a country, fix your cradle» - as the popular wisdom says, in order to look with confidence into the future of the country, tomorrow you need to pay attention to today. It is known that the future of every state is young people. Where we send our young people, we will definitely have the same future.

This article is devoted to the most topical issues of youth policy in modern society, as well as issues of employment and housing for young people in the Republic of Kazakhstan. Many programs are being adopted and implemented by the state to address these issues.

The article illustrates the effectiveness of the state program «With diploma to village» in the Republic of Kazakhstan for young professionals, a quantitative value of the young professionals programme, as well as the amount of funds allocated for the program «With diploma to the auyл».

If programs are expanded to address the main problems of youth policy in modern society, this will be the most brilliant way to address the issues of employment and housing for young people.

Түйін сөздер: жастар, тұрғын үй, жастар саясаты, мемлекет, басқарма, отбасы.

Key words: youth, housing, youth policy, government, leadership, family.

Кіріспе. Қазіргі таңда әлемдегі әлеуметтік-экономикалық салада көптеген өзгерістер байқалады. Соның ішінде жастардың тұрғын үймен қамту мәселелері, әсіресе, оларды тиімді басқару өзекті болып табылады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Еліміз 1991 жылы 28 маусымда алғашқылардың бірі болып «Қазақ КСР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын қабылдады. 1999 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы мақұлданса, 2013 жылдың басында ҚР Үкіметі «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы, кейін 2015 жылы 9 ақпанда «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» жаңа заң қабылданды.

Заңда алға қойылған ең басты мақсаттар - жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби және дене бітімінің толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың шешім қабылдау процесіне қатысуы үшін жағдай жасау. Заңға сәйкес қазіргі уақытта елімізде жастармен жұмыс жасау үшін республикалық деңгейде Қоғамдық даму министрлігі, оған ведомстволық бағынысты Жастар және отбасы жөніндегі комитет, жергілікті жерлерде - жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалар қамтамасыз етеді.

Жастармен атаулы жұмыс жүргізу үшін Елбасының тапсырмасы бойынша барлық өңірлерде жастар ресурстық орталығы құрылған. Олардың саны 208. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің деректерінен қазірдің өзінде Қазақстанда 3,8 млн жас барын аңғаруға болады. Олардың 2,2 миллионы – қалада, ал 1,6 миллионы ауылда тұрады. Жаһандық индексте Қазақстан жастарының дамуы 183 елдің ішінде 61-ші орында [1].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жас ұрпақ Қазақстанның дамуында шешуші рөл атқаруы тиіс — алға ілгерілеудің қозғаушы күшіне айналуы қажет. Сондықтан жас ұрпақты жан-жақты қолдау мақсатында 2019 жыл «Жастар жылы» деп жарияланды. 2019 жылы жастар саясаты шараларымен 2 млн адам қамтылды. Қаржыландыру өсімі 40 есе өсті [2].

Жастар саясатындағы ең өзекті мәселелердің бірі – жастарды жұмыспен қамту болса, екіншісі – жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Соңғы 15 жыл ішінде жастардың жұмыссыздық деңгейі 10,8 % төмендеген. Соңғы 3 жыл ішінде жұмыссыз жастардың саны 92,8 мыңнан 81,9 мыңға, яғни 4,1 % - тен, 3,9%-ке қысқарған болса, тұрғын үйді жалға алуға берілетін несие өтемін төмендету, түбі жекешелендіруге рұқсат беру шараларын ұйымдастыру жастардың болашағы үшін маңызы бар екенін деп түсінуіміз қажет. Өйткені, үйсіз-күйсіз жүрген жас отбасылар көп екені жасырын емес.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында алдағы 15 жылда 1,5 млн отбасыны баспанамен қамту көзделген. Осыны ескере отырып, тұрғын үй саясатына өзгерістер енгізілді. Яғни, тұрғын үйлерді салынғаннан кейін сатуға басымдық беріледі. Бұл қадам баспана алуға қажетті қаражатты жинауға және жаңа шаршы метрлерді салуға мүмкіндік береді.


2018 жылдың жазында «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама бойынша үйді тек бастапқы нарықтан алу керек. Сондай-ақ ипотека кредиттік тарихы «бұзылмаған», әлеуметтік тұрғыдан қорғалған, төлем қабілеттілігі жоғары адамдарға ғана беріледі. Алайда, бастапқы кезде бағдарламаға қатысты өтініштер көп түсе бастады.

Осыдан кейін «Баспана» ипотекалық ұйымы бюджеттік сала қызметкерлері мен жас отбасыларға қатысты қаржылық жүктемені төмендетіп, «Жас арман» және «Қамқор баспана» өнімдерін ұсынды. Аталған өнімдер Шымкент және Ақтөбе қалаларында пилоттық режимде іске қосылды.

Бүгінгі таңда республикада 14 пен 29 жас аралығындағы 3,8 млн жас азамат бар. 2019 жылдың III тоқсанында жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,8% немесе 84,7 мың адамды құрады [3].

«Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде 2009 жылдан бастап ауылдық жерлерге 48 мың жас мамандар – мұғалімдер, медициналық және әлеуметтік жұмыскерлер, агрономдар, мәдени-ағарту және спорт қызметкерлері баруда.

Тұрғын үй коммуналды шаруашылықты тиімді ұйымдастыру үшін мемлекеттік қызметкерлер мен менеджерлерге жас мамандар бойынша сандық көрсеткіш қажет болады (1-сурет).




1-сурет - ҚР «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен қамтылған жас мамандардың сандық көрсеткіші, адам, 2016-2019 жж.

1-суретте көрсетілгендей «Дипломмен ауылға» бағдарламасына сәйкес жас мамандардың сандық көрсеткіштері 2016 жыл мен 2019 жылды салыстырғанда 20% өскен. Дегенмен 2018 жыл мен 2019 жылғы көрсеткіштерді салыстырсақ, 2019 жылғы көрсеткіш төмендеген. Мұның себебі – ауылда жастарға қолайлы жағдайдың болмауы, жастардың ауылға баруға ниетінің жоқтығы деп болжауға болады.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылдың 17 наурызындағы қаулысы бойынша олардың қатарындағы агроөнеркәсіптік кешен мамандарына агроном, ветеринариялық дәрігер, ветеринариялық фельдшер, ветеринариялық техник, зоотехник, инженер-технолог, балық өсіруші, технолог, фермер сынды мамандықтар енгізілген. «Дипломмен ауылға» жобасы аясында тек қана 100 айлық есептік көрсеткішке тең сомада 252500 теңге біржолғы көтерме жәрдемақы және қажеттілігіне қарай тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін 1500 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада 3787500 теңге 15 жылға дейінгі мерзімге жылдық 0,01 % мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесімен бюджеттік несиелер түрінде әлеуметтік қолдау шараларын алу мүмкіндігі бар.

Салалар бөлінісінде алсақ, білім беру саласына 42745 адам немесе 71,2%, денсаулық сақтау саласына – 12705 немесе 21,2%, мәдениет саласына – 1604 немесе 2,7%, спорт саласына – 863 немесе 1,4%, әлеуметтік қамтамасыз етуде – 483 немесе 0,8% және агроөнеркәсіптік кешенге – 1665 немесе 2,8% маман тартылған. Бұл ретте осындай серпін мамандарға деген нақты қажеттілік құрылымына негізделеді [4].

Жастардың тұрғын үй коммуналды шаруашылық мәселелерін шешу үшін өте маңызды орын алатын бағдарлама «Дипломмен ауылға» болып есептеледі, себебі күрделі қаржы бөлу мәселелерін шешеді (2 сурет).



2 сурет - ҚР мемлекеттік «Дипломмен ауылға» бағдарламасына бөлінген қаражаты, млрд теңге, 2016-2019 жж.

2 суретте көрсетілгендей «Дипломмен ауылға» бағдарламасына сәйкес жылдан жылға мемлекеттік бюджеттен қомақты қаржы бөлінуде. Мысалы, 2016 жылы 8,6 млрд теңге бөлінсе, ал 2019 жылы 13,5 млрд теңгеге жетті.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының биылғы ҚР халқына Жолдауында айтқандай, 2021 жылдың өзінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының 700 мың салымшысы өз жинағының бір бөлігін тұрғын үй алуға, емделуге жұмсай алады. Мұның өзі жастардың тұрғын үй алуына мол мүмкіндік болары сөзсіз [2].

Көптеген аудандық орталықтарда ипотекалық және жалға берілетін тұрғын үй өте аз, біраз ауылдарда мұндай үйлер мүлдем жоқ. «Нұрлы Жол» мемлекеттік тұрғын-үй құрылыс бағдарламасы шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың ЖАО өтінімдері негізінде 2018 жылы жалпы сомасы 30,6 млрд. теңгені құрайтын 97 жобаның 26-сы немесе 4,8 млрд. теңге сомасы сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді салу үшін 11 облыста - Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарының ауылдық жерге жұмсалған.

